

Балаларға арналған ертегілер хақында

Біз қазақ балалар әдеби ертегісінің, соның ішінде прозалық әдеби ертегінің бастау көздерін халқымыздың ауыз әдебиеті мұрасынан, халық шығармашылығының асыл қазынасынан іздейміз. Негізінен, фольклорлық ертегі эпикалық жанрдың бірі болып табылады. Ол өзінің баяндау ерекшелігімен көзге түседі. Мұнда оқиға ойдан шығарылады және ол шындық өмірге сәйкес келмейді. Халық ертегілерінің кейіпкерлері түрлі шытырман оқиғаларда өзгеше қасиеттерімен көрінеді, хайуанаттары адамша сөйлейді, адамша қимыл-әрекет қылады және бұған фантастикалық тіршілік иелері мен ғажайып заттар қатыстырылады. Персонаждар бейнелеуінде олардың жинақтық мазмұнда көріну тенденциясы басымырақ. Мұнда кейіпкерлердің портреттік және психологиялық мінездемелері ықшамдалып беріледі. Олар диалог пен әрекет арқылы танылады. Ертегі- көп функциялы жанр. Басты функциясы- эстетикалық, алайда тәрбиелік, танымдық, уағыздық, әлеуметтік қағидалар да қоса өріледі. Қазақ халық ертегілері жайындағы кешенді ой-пікірлер мен іргелі зерттеулерді М.Әуезовтің, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Х. Досмұхамедовтың, Қ.Жұмалиевтың, С. Мұқановтың, С. Сейфуллиннің, Е. Ысмайыловтың, М.Ғабдуллиннің еңбектерінен кездестіреміз.

Негізінен әдеби ертегі жанрының туу және қалыптасу процесінде өзіндік ізденіс іздерін байқатқан қаламгерлер: С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Тиесов, Б.Бұлқышев, М.Гумеров, Қ.Толыбаев, Б.Соқпақбаев, Б.Сауытбеков, М.Әлімбаев, А.Сейдімбеков, М.Дүйсенов, С.Жүнісов, М.Сүндетов, Н.Ақышев, Д.Ахметов, Р.Әбілқадырова, Ж.Әлмашев, О.Әубәкіров, С.Бақбергенов, Ә.Баубеков, Т.Дәуренбеков, М.Етекбаев, Ж.Қашқынов, Ә.Қосанов, Қ.Мырзағалиева, Қ.Омаров және тағы басқалар. Біз осы авторлардың ішінен Мағзұм Тиесовті бөліп алып, қаламгердің дарын қуатын екшей отырып, ұстанған мақсат-мұратына, жазу стиліне қарай жан-жақты талқыламақпыз.

Орыс әдебиеттанушыларының ішінде алғашқылардың бірі болып әдеби ертегі жанрының табиғатына құмартқан М.Т.Лупанованың «Әдеби ертегі жайында мақала жазу ертегінің өзін жазудан да оңай емес» деп айтқаны әдеби ертегі жайын пайымдауда аса үлкен ұқыптылық, салмақтылық, білім тереңдігі қажеттігін аңғартады. Бұл жерде әдеби ертегі жайында толымды ой, тұшымды пікір айту үшін өзіңнің тең дәрежеде әрі фольклортанушы, әрі әдебиетші болу қажеттігі айтпаса да түсінікті.

Қалай дегенмен де, қазақ әдеби ертегісі тамырын тереңге жайған мәуелі бәйтерек болса, оның тамырын қоректендіретін нәрсе- халық ертегісі.

Қазақ халқының мол мұрасы- ертегілер жайында М.Әуезов былай деген: «Жалпы барлық ертегілерге ортақ ерекшелік: бұл кара сөзбен айтылатын оқиғалы, көркем әңгіме. Ғажайып хал, қиял әңгімелер түрінде немесе орасан оқиғалы, қызғылықты әңгімелер ретінде құрылған ертегінің бәрі де негізінде

шаруа кәсіппен, қоғамдық құрылыс тартыстарымен, тарихпен байланысты болып келеді.»

Ендеше, ертегі авторларының, яғни көркем сөз шеберлерінің халық ауыз әдебиетінің шалқар бастауынан мол сусындағандықтары айтпаса да түсінікті. Ертегінің тартымды әрі қызғылықты болуы автордың фантазиясына, білімпаздығына, талғампаздығына, қаламының ұшқырлығына, бір сөзбен айтқанда жазу шеберлігіне байланысты.

Осы орайда, Шығыс үлгісіндегі аңыз-ертегі сюжетіне көз тіккен жазушының бірі - М.Тиесов. Ол шығыс, үнді, венгер, негр аңыз-ертегілерінің негізінде: «Сұлулық патшасы туралы аңыз», «Даналық дәндері», «Дән мен тас», «Ақбоз ат, түлкі және қасқыр», « Ананың асыл арманы», «Бақытты бозторғай», «Ет пен шөп», «Жетіқыз өзені» ертегі-әңгіме, «Қарындаш тышқанды қалай қорқытты?», «Торғай мен терек», «Қотыр торғай», «Торғай мен мысық», «Әдемі қораз», «Жібектің жолбарысы» сияқты ертегілер жазып қалдырды.

«Мағзұм Тиесов - балалар үшін ертегі жанрын қайта тірілтушілердің бірі. Бұл салада қалам тербеген жазушыға қыран қанатты, қиял риясыз мейірім, сенгіш те таза жүрек қажет. Қаламгер үнді ертегісінің ізімен «Сұлулық патшасы туралы аңыз», негр халқының ертегісі бойынша «Даналық дәндерін», венгер ертегісінің әуенімен «Ақбоз ат, түлкі және қасқырды» жазғанда барша әлемді мекендеген жұртшылыққа хас арман, мұрат адалдығын ұлттық діл мен рәсімге орай тың өрнектер қосып, мүлде соны тудырды

Еңбекті, адалдық пен ізгілікті, өмір сүйгіштікті дәріптеу «Сұлулық патшасы туралы аңызда» да «Ананың асыл арманы» мен «Бақытты бозторғайда» да ерекше шабыт, күрескер рухпен суреттеледі. Алғашқы екі туындыда құдай берген табиғи қасиетті ешқандай байлықпен алмастыруға келмейтінін көркем бейнелей білсе, қырғидан да, тұрымтайдан да тепкі көре жүріп теректен пана тапқан бозторғай бақытты достықтан табады. «Мағзұм Тиесовтің бақыт іздеуші кейіпкерлері- қарапайым халық ішінен шыққан адамдар, аң-құс, жануардың да зорлықшыл тырнақтысы емес, момын,ізеттісі, кішіпейілі мен кеңпейілі», -дейді жазушы шығармашылығына баға берген зерттеуші ғалымдар Қ.Әбдезұлы мен Б.Майтанов() .

Қалай дегенмен де, Мағзұм Тиесовтің ертегілік шығармалары Андерсеннің ертегі жазу әдістерін еске түсіреді, яғни тарихи шындыққа жататын көріністер бойынша ой өрбітеді. Мысалы, оның үнді ертегісінің ізімен дүниеге әкелген «Сұлулық патшасы туралы аңыз» ертегісінің қысқаша сюжеттік мазмұны төмендегідей : Үнді елінің Махиларопья деген қаласында Сағадат деген кісі өмір сүреді. Ол өмір бойы кілем тоқуды кәсіп етеді. Әрбір жіпке, әрбір тал түкке жүрек сезімі, көз нұры, саусақ шеберлігі тежеусіз төгілгендіктен, Сағадат өз ісінің асқан шебері болады. Алайда, бір жылда әуірімдеп бір кілем тоқып сатқан соң, Сағадат ақшаға жарымайды. Мұқтаждық атты рақымсыз пәле оның қыр соңынан қалмай, ары таза адамды өзіне тұтқын етіп алады. «Сен әдемілік, шеберлік іздегенше, жаман да болса кілемді көбірек тоқып, ақшаны молырақ тап, - деп бір эззіл ой құлағына

сыбырлаумен болады. Бірақ, адам да еңбекқор жан бұған мән бермей, біреу болса да бірегей кілем тоқу кәсібінен жаңылмай, жаңа ісін бастай бергенде кілем тоқитын өрмек ағашы сынып қалады. Сағадат аспап жасау үшін ағаш таңдап, орман кезіп жүргенде, бір зәулім шынар ағашына тап болады. Ол балтасын шынар ағашына сілтей бергенде, әлгі маңнан әлдебіреу адамша тіл қатып: «Досым, аясаңшы бұл ағашты, мен орманның желеп- жебеуші пірі- орман иесі боламын, мына шынар ағашы үйім- алтын тағым еді, өзіңнен жалбарынып өтінемін, тимеші, не сұрасаң да орындайын,»- дейді. Сағадат әйелімен ақылдаспақ болады. Жолшыбай әлдебіреулер «патша болуды сұра» деп кеңес береді. Алайда, әйелі «Патшаларда адалдық бар ма, ол өңшең екі жүзділік пен зымияндықтың қоршауында отырады, сондықтан да оларда қуаныш та, сүйіспеншілік те жоқ. Одан да сен әлгі орманның пірінен қанша керек болса, сонша кілем тоқи алатын өрмек ағаш сұра!», - деп ақыл береді. Орманның пірі, бұл тілегін қабыл етеді. Сағадат үйіне келсе өрмек ағашы сыңғырап құрулы тұр, ол бірден сүйікті кәсібіне құштарлықпен кірісіп кетеді.

Жалпы ертегілік шығарманың танымдық мақсатта жазылуы тереңнен және қиырдан басталады. Тым тереңнен деуіміздің себебі, оған халық мифтері мен аңыз- ертегілері жол салады. Қиырдан болатыны, орыс әдеби ертегісі мен ол арқылы жеткен шетел әдеби ертегісінің де әсері болады. Дат жазушысы Андерсеннің дәстүрін жалғастырушылардың бірі Мағзұм Тиесов андерсендік идеяларды қолдаудың жаңа көздерін тапты. Ол этика, имандылық мәселелеріне көбірек назар аударады. Жазушының қоршаған орта жайындағы ұғым- түсініктердің бәрін кішкентай балаларға ертегі формасында хабарлауы, әсіресе оның туған жер жайындағы ертегілерінен байқалады. Мысалы, Венгер ертегісінің әуенімен жазылған «Ақбоз ат, түлкі және қасқыр» ертегісінде: «Қасқыр ішік кигілері келген мырзалар ғана емес, Ұлытау, Көкшетау, Баянтау, Болаттау елдері ауқымдасып, бір қасқыр соққанға бір жылқы бәйге беруге баталасыпты(252), «Ананың асыл арманы» ертегісінде: «Жесір шешенің орамалға тіккен оюы Қаратаудың күнгеі беткейіндегі күн сәулесі құшағында өсіп тұрған гүлдің өзінен, сол жүзімнің салмағынан жер қайысқан бау- бақшалы гүлжазираны мекендеген әнші құстардан да, сол бір өлкеде жаз тау жайлап, қыс Сыр бойын қыстайтын сан алуан аңдардан да әлдеқайда әдемірек, анығырақ болып шығатын еді»(253), немесе «Бақытты бозторғай» ертегісінде «Сайраса, Сарыарқаның бозторғайы сайрасын»(467) деп туған жердің ең шұрайлы мекендерінің аттарын кірістіре отырып, олардың ғажайып табиғатын балалардың есінде қалатындай етіп тамылжыта баяндап, халық арманын, адамдардың, сонымен қоса жан-жануарлардың қуанышты сезімдерін жырлайды. Бұл жерде Мағзұм Тиесовтің қиялдау штрихы барынша ажарлана түседі. Қиялдың өзі психологиялық категория десек, бұл жөнінде ғалымдар Ө.Озғанбаев пен Қ.Жарықбаев: «Қиялдың пәрменділігі мен маңыздылығы-оның шындықпен жақсы байланыстылығында.Осындай қиял ғана адамды іс- әрекетке жетелейді, оның рухани жағынан жетіле түсуі үшін ерекше маңызды болады.» (88) деген тұжырым жасайды.

Біз жоғарыда қазақ әдеби ертегісінің дамуына орыс әдебиеті белгілі бір үлес қосқанын айтып өттік. Осы орайда, Рүстемова Жанар өзінің «Қазақ балалар прозалық әдеби ертегісі» атты диссертациялық еңбегінде: «Заман талабымен шетелдік авторлардың, әсіресе, орыс авторлары ертегілік шығармаларының қазақ тіліне сапалы түрде аударылу қажеттілігі туды. Шетел халықтарының ертегілерін қазақ тіліне аудару ісімен М.Тиесов те айналысты. Сонымен қатар, қаламгер өзі де ертегі жанрына ат салысып, балаларға арналған бірнеше ертегілер туғызды (29) деп», - орынды атап өтіп және өз деңгейінде талдап, саралаған.

Себепсіз салдар болмайтыны сияқты, тәжірибе, шеберлік алмасу әдеби процесс. Мысалы, орыс жазушысы К.Д.Ушинскийдің көптеген ертегілері табиғат өмірінен алынған шынайы фактілерге негізделіп жазылады, олар қызғылықты өмірлік деректерге толы болуымен ерекшеленеді. Бұлардағы антропоморфизм әдісі, яғни хайуанаттарды, өсімдік пен жансыз заттарды адамша сөйлету тәсілі танымдық материалды жандандырып, эмоциональдық реңк, Ушинский ертегінің сұхбатқа құрылған түрін сәтті қолданады, хайуанаттар өзара әңгімелесу арқылы өздері жөнінде маңызды мәліметтер айтады.

Сөз арасында айта кетейік, табиғат таңғажайыптарын, бала көзіне түспеген әлем әдемілігін фантастика, кейде антропоморфизм түрінде көрсету қабілетіне ие екендігін М.Тиесовтің «Ананың асыл арманы» ертегісі анық байқатады. Ертегідегі Сырбай атты бала анасының жел ұшырып әкеткен кестелі орамалын іздеп, сан қилы мұхнат шегеді. От құсып тұрған тажал таулар мен асу бермес долы теңіздерден өтеді. Зұлым кемпір мен өңшең перизат сұлулық патшайымдарына жолғады. Бір қобди алтын, гауһарға қарамай, тек анасының кестелі орамалын табу ғана арманы болған адал да ержүрек балғын жас Сырбай ақыры дегеніне жетеді. Оған өзінің мәрттігі мен астындағы аты да көп көмек көрсетеді. Осы орайда, авторлық ертегінің басқадан бір өзгешелігі- ондағы танымдық қағида, яғни байлықты мансұқ еткен ерлік - мәрттіктің салтанат құруы.

Ертегінің өзегіне асыл қасиет- жан тазалығы мен анаға деген махаббатты мұрат тұту алынған және тән сұлулығы мен жан сұлулығы бір-бірінен ажыратылып, бөле- жара қаралмайды, біртұтас құйылуымен ерекшеленеді. Ертегінің кереметі сонда, ел мен жер біртұтас идея, жер аттарының мағынасы кестелі, дәйекті де өрнекті суреттеледі, топонимика мен әсерлеу қабысып кетеді.

Ертегілерде немесе эпостық жырларда гипербола- әсірелей айту мен литота- кішірейте айтуды жаны сүйеді. Ертегінің элементі әдеби жанрлар өсіп өркендеген сайын көрікті бола түсетіні соның дәлелі. Жер мен көктей шалғай, от пен судай жаны қас, ақ пен қарадай кереғар, жендет пен құрбандық тәрізді қасіретті тілектер со замат шарпысады», -(162) деп, зерттеуші Айгүл Кемебаева ертегілердің негізгі комьпоненттерін ашып көрсетеді. Батыс пен Шығыстың фольклорлық әдебиетіндегі айшылық алыс жол, қауіпті әрі ұзақ сапарлату идеясын Мағзұм Тиесов өзінің ертегілерінде сәтті қолданады. Өйткені, бұл көркемдік тәсіл- кейіпкерлердің жан-дүниесін

ашуға керек, ол адамшылық мінездің нығаюы ғана емес, ізгілік пен зұлымдықтың тартысын суреттеуге керек. «Ананың асыл арманы» ертегісінде осы жол идеясы, сапар шегу туралы сюжет өзгермей сақталған, ер жігіт Сырбай анасының құйын ұшырып алып кеткен ғажайып кестелі орамалын іздеп айшылық алыс сапар шегеді. Гильгамеш туралы эпос, «Иллиада мен Одессея», «Мың бір түндегі» теңізші Синдбадтың басынан кешкендері, Сервантестің «Дон Кихоты» мен Диккенстің «Пиквик клубы», «Ер төстік» ертегісі, Гогольдің «Өлі жандар» поэмасы, тегінде дүниежүзілік көркем әдебиеттің темірқазығы-жол идеясы ертегіде сәтті бейнелеумен құнды. Тағы бір айта кететін басты ерекшелік-суреткер Тиесовте ертегінің лирикалық шалқумен шектесер тұсында таңғажайып көркем сөз иірімдері баршылық. Мысалы, «Бақытты бозторғай» ертегісінде: «Бауырсақтай сары үрпектердің бидай қауызынша ашылған ауыздарынан шыққан нәзік үн бозторғайдың кішкене үйінің ішін айқай-шуға толтырады. Әсіресе, тамақ жегілері келгенде, балапандар мүлде шуылдап кететін. Таңның атысынан күннің батысына дейін дамыл көрмеді. Перзенттері тояттап, сәл-пәл қалғыған кездерде, әнші шеше ұя үстінен едәуір жоғары көтеріліп, өзінің:

Тирара, тирара,
Терегім,
Тирара-тирара,
Терегім,
Досым, панам,
Тірегім!

деген жаңа әнін үнемі тамылжытып тұратын болады. «Бұлбұл мен бозторғайлар өз балапандарын әнмен әлдилеп өсіреді» деген қағида осыдан туған болар. (469) Педагог жазушы К.Д. Ушинский кезінде: «Балаға арналған ең жақсы кітап- табиғат пен халық өмірі бейнеленген кітап, өйткені ол өмір жайлы шынайы білім береді» деген екен. (189)

Осыларды сараптай келе, шығар қорытынды- Мағзұм Тиесов шын мәнінде табиғат жыршысы. Бірақ, ол табиғатты адамнан, жан-жануарлардан бөле қарамайды, қайта барлығын астастыра, үйлесім, гармония іздейді. Табиғат сұлулығы мен жан сұлулығын қатар суреттейді. Сондықтан да болар, ертегілерінің өзі балаларға ұғынықты, жоғарығыдай кестелі суреттер жас балғынның көкірегінде ұзақ уақыт сақталады.

Бозала таңның боз шымылдығы түріліп келе жатқанда шыр етіп дүниеге келген сәби үннен, дір етіп есіңді жиясың. Бозторғай үні! Дала даусы! Дала гимні! Жарық дүниенің жаршысы жаңа бір күннің келгеніне адамдар мен тірліктен сүйінші сұрап тұрғандай. «Таң алдында торғай шырылдай бере...», «Ертеңгісін торғай оятқанда...» деп елдегі есті қариялардың уақыт пен дүниенің осы бір сәтін бармақтай құсқа балап, еншілеп жататын да көнеден келе жатқан қастерлі үрдіс болар. Сайрайтын сан құс бар, бірақ бозторғайдың жөні бөлек. Бозторғайда далаға тән тәкаппар тазалық, бекзаттық басым. Осы «Бақытты бозторғай» ертегісінің тағы бір жерінде: «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» демекші бозторғай, бөденелердің жылы бөтекесіне жеріктердің

күшті қанаты, имек тұмсығы, өткір тырнағы болса, бозторғай, бөденелерге туған жердің тал, тобылғы, қарағай, тікен, бұталары пана болады. Бұлар болмаса бөдене, бозторғай атаулының тұқымы құрып кетер еді. Қауіп төнген кездерде бөдене, бозторғай байғұстарға жусаған жылқының бауыры, жайылған қойдың арқасы, түрегеп тұрған түйенің төрт аяғының арасы қанша жыл, қанша ай, неше рет қорған болды десеңші. Елсіз далада келе жатқан керуеннің көші, жолсызбен жортқан жолаушының астындағы аттың алқымы неше бозторғайды тірі сақрап қалды екен. Мұны естіген ешкім жоқ»(467) Тіпті ертегіге қимайтын, ешбіреуіміздің ойымызға кіріп-шықпаған қандай философиялық толғам! Осы бір аллитерациямен берілген жолдарға мөлдіреп қана сыйып тұрған дала суретіне қызыға да таңырқай қараймыз. Осы бір жолдарда қаншама тың да әсерлі динамика бар десеңші!

Осы ертегіден жас оқырман бозторғай, бөденелердің қауіп төнгенде қалай жан сақтайтынын, адал құстарға тіршілікте қатер көп екенін зерделеп, пайымдайды. Сондықтан да болар, Мағзұм Тиесовтің ертегілерін балалар ғана емес, үлкендер де сүйіп оқиды. Қаламына адал суреткер ретінде ол оооқушысын балалықтан даналыққа жетелеп келе жатады. Ш.Айтматов: «Кейіпкерлерім-өзінің автономиялық дербестігін сақтай тұра, менің балалық шағымның әсерінен жаралады», - дейді (). Ендеше, Мағзұм Тиесов те жас оқырманға шындықтың шырынын сығып, шынайы шығарма сыйлап келе жатқан үлкен суреткер деп білеміз.

Енді осы жерде қазақ прозалық әдеби ертегісінің даму кезеңдеріне тоқтала кетейік.

Ұлы Абаймен Ыбырай Алтынсаринді қатар атап, оны да қазақтың жазба әдбиетінің басы деп есептеуімізге оның қысқа әңгімелері (новеллалары) айғақ бола алады. Ендеше, қазақ көркем прозасын құрайтын қысқа әңгімелердің қайсысы ертегі, ертегі болса халық аузынан өзгеріссіз жазып алынған ертегі ме, әлде өзгертіліп, толықтырылған немесе ойдан шығарылған ертегі ме деген сауалдардың туындайтыны заңды. Бұл сауалдарға жауап беру үшін Ыбырайтанушы ғалым Ә.Дербісалиннің ой-пікірін қатерге алу маңызды. Ол өзінің «Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі» кітабында Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясына» енген ертегілерін атап қана қоймай, қайсысының қашан, қалай басылғанынан мәлімет береді, мазмұндық, көркемдік ерекшеліктеріне біршама талдау жасайды. Сонымен қатар, ғалым Ә.Дербісалин «Алтынсарин «Жан-жануарлардың дауласқаны», «Қазақ батыр», «Қарақылыш», «Алтын айдар», «Тазша бала» халық ертегілерін көркемдеп жеткізіп, өзінің балалар психологиясын жетік білетіндігін байқатты»(66) деп жоғары баға береді. Соған қарағанда, Ы.Алтынсарин де К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой тәрізді халық жадында келе жатқан ежелден белгілі ертегілерді көркемдікпен өңдеп, таразылап, әрі иемденгені шындық. Алтынсарин шығармаларының ең шұрайлыларының біріне саналатын «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінің екі ерекшелігіне тоқталған «Ә.Дербісалин «Біріншіден, ол әңгімеден аағартушының озық педагогикалық ойлары көрінеді: әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмір сырын үйренуге, меңгеруге шақырады, өмір, табиғат өздігінен ештеңе бермейді,

мәселе оны жеңе, бағындыра білуде» дейді де, екіншіден, шығарма жазушының әлеуметтік түсінігін және қай таптың келешегіне үміт артқандығын аңғартады (34)деп баға береді.

Осы орайда, академик С.Қирабаевтің «Бір кездерде бізде әдеби процеске, жеке жазушылар шығармаларын талдауда, бағалауда таптық тұрғыдан қарау негізгі принцип болып саналады. Мұның да өз заңдылығы, қажеттігі болады», - деген тұжырымдамасын (28) еске алған жөн.

Қалай дегенмен де, Алтынсариннің прозалық ертегі жазуда көрсеткен келісті үлгі- өрнегі қазақ балалар прозалық әдеби ертегісінің алғашқы кадамдарында анық ажарланып көрініп отырады. Прозалық әдеби ертегі тудырушы басқа да авторлар халықтың ауызша айтқан әңгімесін өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне ыждағаттылықпен ден қойған М.Көпеевтің 1921 жылы Ташкент қаласында шыққан «Балалар кітабы» кітапшасында «Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан» атты ертегі бар. Осы ертегінің халық аузындағы екі варианты баспа бетінде кезінде жарық көрді. Алайда, осы екеуінен М.Көпеев ертегісі өзінің сюжеттік құрылысы, сондай-ақ сөз мәнері, жағынан ерекше екендігін айта келіп, зерттеуші Т.Әбдірахманова ары қарай былай тұжырымдайды: «Ең алдымен көзге түсер айырмашылық тілінде. Әдетте қай ертегі болса да, көркемдік қасиеті, сөз айшықтары айтушының шеберлігі, шешендігіне қарай өзгеріп, бірде бәсеңдеп солғын тартса, бірде құлпырып, ажарлана түспек. Ертегіге тән осы бір құбылыс мұндай айқын байқалады. (165).

Алғашқы кезеңдерде қазақ балалар прозалық әдеби ертегісі терең тамыр жайып кете алмады. Өйткені, қалыптасу кезеңінің басында (1918-1929) яғни қазақ балалар прозалық әдеби ертегісінің тағдыр-талайына жазылған қиын кезеңде әлемді дүр сілкіндіріп, сол кез тіршілігіне жаңа серпін әкелген саяси төңкерістің жолы мен мақсатын жалпы көпшілікке, соның ішінде балаларға жан-жақты түсіндіру мәселесін алға тартты. Сол уақыттың тынысын танытатын шығарманың бірі-С.Мұқановтың «Патшаны қуған батыр» ертегісі. Осы шығарманы кезінде академик З.Қабдолов ел аузында аңызға айналған шындықтарға негізделген шығармалар қатарына жатқызып, аңызды шығармр деп (302) атаған екен. С.Мұқановтың өзі «Большевиктік жол» газетінің 1939 жылғы 5 ақпандағы санында жарияланған осы еңбегін «Ленин жайлы ертегі» деп көрсетеді. Өткен ғасырдың 20- жылдарындағы қазақ балалар әдебиеті соны ізденістерімен басталғанымен, 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулының шығуы әдеби ертегіге тұсау салды. Әсіресе, әдеби қиял-ғажайып ертегілерінің жас өскін балаларға зияндығы» жағы біраз сөз болды. «...30-жылдары қиял-ғажайып ертегілерінің қарсыластары аз болмады, олар қиял-ғажайыптың» баланы реальды өмірден тысқары әкетеді, болмыстың өзінде болатын қызыққа қоюға кедергі келтіреді деп санады. Бұл « қорғаушы» позицияны жақтаушылар әдеби қиял-ғажайып ертегісі дамуын тежеп қана қойған жоқ, сонымен бірге педагогикалық шығармашылық тәжірибелерге де бөгет жасады. Практикаға халықтың жаппай сауаттылығын көздейтін жалпы этикалық тәрбие жүйесі жайындағы жаңашыл идеяларды енгізуді тежеді»

деген(308) пікірден біраз сыр аңғаруға болады. Өнші құстың үнімен, самал желдің желпуімен, жаңбыр тамшысының нәрімен, күн нұрының аймалауымен күш алуға тиісті қазақ балалар прозалық әдеби ертегісінің заңғар көкке ұмтылар шағында көлденең кездескен осындай тосқауылдар игі істердің адымын аштырмады. Әйтсе де қадау-қадау шығармалар өртенге шыққан гүлдей болып әр жерден бой көтереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай және Абай поэзиясының тілі. Екі томдық. – Алматы: Мектеп, 1960.
2. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 268б.
3. Нұрқатов А. Шындық және шеберлік // Әдебиет және искусство. – 1955. – № 6, 7, 8.
4. Ахметов З. Әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғымдар мен терминдер // Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 384б.
5. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 180б.
6. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448б.
7. Бердібаев Р. Замана жыры. – Алматы: Жазушы, 1985. – 320б.
8. Нұрғали Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1991. – 1т. – 576б.